

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
27.04.2022 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 27.04.2022 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Е. КОШАНОВ.**

**ТӨРАҒА.** Құрметті депутаттар, келесі соңғы мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Сөз Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы депутат Еспаева Дания Мәдиқызына беріледі.

**ЕСПАЕВА Д.М.** Рақмет.

Құрметті Балаим Туғанбайқызы! Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 29 сәуірдегі №283 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілді.

Заң жобасын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 2021 жылғы 15 желтоқсандағы жалпы отырысында депутаттар бірінші оқылымда тұжырымдамалық түрде мақұлдады.

Заң жобасының негізгі мақсаты сақтандыру және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Сақтандыру нарығы келесіні қамтамасыз етеді:

өмірді сақтандырудың жаңа әлеуметтік маңызды өнімдерін енгізу;

сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры кепілдік беретін сақтандыру сыныптарының тізбесін кеңейту;

халықты кәсіпкерлердің сапасыз қызметтерінен қорғауды күшейту, сақтандыру омбудсменінің рөлін арттыру;

сақтандыру қызметтерін одан әрі цифрландыру.

Бағалы қағаздар нарығы мыналарды қамтамасыз етеді:

қор нарығында инвесторларды қорғау шараларын күшейту;

қазақстандық компаниялардың тәуекелдерін тиімді хеджирлеу үшін құқықтық жағдайлар жасау;

бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларды реттеу мен қадағалау тәсілдерін қайта қарау.

Осы заң жобасы бойынша жұмыс тобына 300-ден астам ұсыныстар келіп түсті. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын орындау шеңберінде, атап айтқанда, жеткізушілердің кредиттік бюроға ақпаратты беру мерзімін он бес күннен бір жұмыс күніне дейін қысқартуға қатысты, микроқаржы ұйымдарының микро- және шағын бизнесті, әсіресе ауылдық жерлерде несиелендіру әлеуетін кеңейту және қаржылық инновацияларды енгізу үшін қолайлы жағдай жасау мәселесі бойынша түзетулер енгізілді.

Барлық келіп түскен ұсыныстар жұмыс тобының жиырма тоғыз отырысында және мүдделі министрліктер мен ведомстволар, сондай-ақ бірқатар үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен Қаржы және бюджет комитетінің кеңейтілген отырыстарында қаралды.

Заң жобасын жұмыс тобының отырыстарында қарау барысында заң жобасының жекелеген нормаларын жетілдіру мақсатында төмендегідей түзетулер қабылданды.

Сақтандыру нарығы бойынша:

жол-көлік оқиғалары бойынша сақтандыру төлемдерін жедел алуды қамтамасыз ету үшін полицияның қатысуынсыз және сотқа жүгінбей мобильді қосымшаның көмегімен іске асырылатын автосақтандыру (Еуроқаттама) бойынша сақтандыру жағдайын реттеудің жеңілдетілген тәртібін енгізу;

апаттылық көрсеткіші төмен жүргізушілер үшін сақтандыру полисін сатып алу кезінде жеңілдік беру үшін пайдаланылатын «бонус-малус» коэффициенттерін қайта қарау арқылы міндетті автосақтандырудың баға белгілеу жүйесін жетілдіру;

заң талаптары бойынша сақтандыру шартын жасасуға міндетті және осындай талаптарды орындамағаны үшін әкімшілік жауаптылықта болатын азаматтарды сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің өткені туралы сақтандыру компанияларының алдын ала хабардар етуі;

сақтандыру ұйымынан зейнетақы аннуитеті шартының өтеу сомасы мен ең төменгі құнының айырмасын «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамына аудару мүмкіндігі қарастырылған.

Бағалы қағаздар нарығы бойынша:

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда белгіленген шектеуді алып тастау арқылы квазимемлекеттік акционерлік қоғамдардың акцияларын сатып алу тетігін жетілдіру;

«Астана» халықаралық қаржы орталығының актілеріне сәйкес шығарылған бағалы қағаздармен Қазақстанның қор нарығында мәмілелер жүргізу мүмкіндігін белгілеу.

Қаржы нарығы бойынша:

микроқаржы ұйымдары үшін банктік лицензия алғанға дейін микроқаржылық қызметті үзбей, айналдыру тетігі арқылы екінші деңгейдегі банк болып қайта құрылу мүмкіндігін беру;

интернет-алаяқтыққа байланысты тәуекелдерді төмендету және қарыз алушылардың борыштық жүктемесінің деңгейін бақылау мақсатында

кредиттік бюроларға ақпаратты ұсыну мерзімдерін қарызға байланысты базалық мәліметтер бойынша он бес жұмыс күнінен бір жұмыс күніне дейін қысқарту көзделеді.

Сондай-ақ жұмыс тобы заң жобасын заң техникасы қағидаларына сәйкес келтіру мақсатында комитеттер мен Мәжіліс депутаттары енгізген өзгерістер мен толықтыруларды қабылдады.

Салыстырма кесте 344 позициядан тұрады. Барлық позициялар қабылданды.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері оң қорытындыларын берді.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Қаржы және бюджет комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын тұтастай мақұлдауды және оны Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына қарауға жіберуді ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Дания Мәдиқызы.

Құрметті әріптестер, бас комитеттен осы заң жобасын тұтастай мақұлдап, Парламент Сенатының қарауына жіберу туралы ұсыныс түсті.

Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



*Дүрсін: Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі Майя Н. Майғынтаева.*